

№72 бұйрық

(көшірме)

01.09.2022 ж.

**«Алматы облысы білім басқармасының
Балқаш ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
«Бірлік орта мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі**

**Жас мамандарға тәлімгер бекіту және
тәлімгерге қосымша ақы төлеу туралы**

1. Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету мақсатында төмендегі тәлімгерлер бекітілсін:

1.1. М.Мұхашқызы – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі – тәлімгер Г.Д.Омарова;

1.2.Р.Алмат – ағылшын тілі пәнінің мұғалімі – тәлімгер А.Толжарасова;

1.3.Б.Қыдыrbай – мектеп психологы – тәлімгер Б.Садирова;

1.4.А.Иманбек – тарих пәнінің мұғалімі – А.Айкимбаева;

2. «Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және гылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №160 бұйрығының 2-тарау, 12-тармақшасы негізінде төмендегі тізімдегі тәлімгерге тәлімгерлікті жүзеге асырганы үшін 2022 жылдың 01 қыркүйегінен бастап қосымша ақы төленсін:

2.1.Г.Омарова – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

Мектеп директоры



Г.Жембеева



Бекітемін

Мектеп директор

Кемел

Г. З. Кембебаева

**«Бірлік орта мектебі» мкм бойынша
«Жас маман» мектебінің жұмыс жоспары**

2022-2023 оқу жылы

№	Мазмұны	Мақсаты	Жұмыс түрі	Орындаушыл ар/мерзімі	Қайда каралады
Жас мамандар жұмысын үйымдастыру					
1	«Жедел жәрдем» жас мамандар мектебінің жетекшісін тағайындау	Жас мамандар арасынын жетекші бекіту арқылы жұмыс жүйесін қалыптастыру	Бекіту, бұйрық шығару	FEO/тамыз	FEO жаңындағы кенес
2	0-3 жылға дейін пед.енбек өтілі бар мұғалімдер тізімін дайындау	Жас мамандар туралы толық мәлімет қорын дайындау	Мәлімет жинау, тізім жасау	ЖММ жетекшісі/ қырқүйек	FEO жаңындағы кенес
3	Жас мамандарды мұғалімдік қатарға қосу және жаңадан келген мұғалімдерге мектепті таныстыру рәсімін өткізу	Жас мамандарға пед.қызметімен, мектеппен таныстыру	Салтанатты жиын, шығ.жұмыстар, кітапхана көрмесі	FEO/ 1 қырқүйек	FEO жаңындағы кенес
4	Жас мамандар мен жаңадан келген мұғалімдер үшін ашық есік айлығын өткізу	Сабак үлгілерін көрсету, әдістемелік кенес беру	Ашық сабактар өткізу	Жоғары, I санатты пән мұғ., ӘБ жетек./қырқүйе кайы	FEO жаңындағы кенес
5	Сынып күжаттарын толтыруды кенес беру (жеке іс қағаздары, журнал, дәптер.)	Мектеп күжаттарын дұрыс толтыруды әдіст.көмек. беру	Жеке кенес беру, әңгімелесу	Тәлімгерлер, ӘБ жетекшілери/жыл бойы	ӘБ, FEO жаңындағы кенес
6	Күнтізбе жоспарын, сабакты жоспарлау бойынша әдістемелік көмек көрсету	Сабакқа дайындығын үйымдастыру, әд.кенес беру	әңгімелесу	Тәлімгерлер, ӘБ жетекшілери/жыл бойы	ӘБ, FEO жаңындағы кенес
7	Әдістемелік пән бірлестігіндегі мұғалімдердің сабактарына қатысу	Кәсіби шеберліктің қалыптасуы.	Сабак жобасын талдау	Тәлімгерлер, ӘБ жетекшілери/ка зан-мамыр	ӘБ, FEO жаңындағы кенес
8	Жас мамандармен өзіндік білім деңгейін көтеру туралы сауалнама жүргізу	Жас мамандардың жұмысы барысында кездескен қыыншылықтарды анықтау	Сауалнама. Диагностика.	FEO/ қазан, караша	ӘБ, FEO жаңындағы кенес
9	Жас мамандардың өзара	өзара сабакқа	Сабакты	ӘБ, FEO/ жыл	FEO

	сабакка катысуын үйымдастыру, сабакты талдауға үйрету	қатысу, сабакты талдауға үйрету	талдау, өзара саб.қат.дәлте рін тексеру	бойы	жанындағы кенес
1 1	Жас мамандар мектебінің айлығын өткізу	Жас мамандар сабактарын талдау, бағалау, әдістемелік кеңес беру	Ашық сабактар беру	Жас мамандар/ акпан	«ЖЖ» ЖММ мәжілісі
1 2	Жыл қорытындысы бойынш а жас маманның кәсіби деңгейін бақылау, сараптау	Жас мамандар жұмысын талдау	Психологиял ық тест, диагностика	FEO, психолог /мамыр	FEO жанындағы кенес
1 3	Жас маманның жыл бойы жасаған жұмыстары бойынша есебі	Жас мамандардың өзін-өзі бағалаудың үйымдастыру	Есеп	Жас мамандар/ мамыр	«ЖЖ» ЖММ мәжілісі

Жас маман мектебінің жетекшісі  Д. Қайрғали



«Бекітемін»

Мектеп директоры:

Г.З.Кембебаева

«Бірлік орта мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі бойынша

2022-2023 оку жылындағы жас маман тарих пәнінің мұғалімі

Иманбек Арайлымның тәлімгерінің жылдық жоспары

№	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі
1.	Еңбек ережесі тәртібімен танысу және функционалдық міндеттерді білу, білім үйімінің уставын, білім кодексін, оқу жоспарын, инструктивті әдістемелік хаттармен танысу, үйрену	Қыркүйек
2.	Мемлекеттік стандарт, әдістемелік нұсқаухат, нормативтік құжаттармен таныстыру	Қыркүйек
3.	Мамандығы бойынша жоспарын қалай құрастыру құрылымдарымен таныстыру	Қыркүйек
4.	ҰМЖ, ОМЖ, ҚМЖ жоспарларын құруды үйрену	Қыркүйек
5.	Мектепішілік озық тәжірибелі мұғалімдердің сабактарына қатыстыру, тәжірибе жинақтау	Жыл бойы
6.	Білім алушылардың психологиялық, педагогикалық мінездемесімен танысып, зерттеу	Қазан
7.	Мониторинг жасауды үрету	Қараша
8.	Жана технологиялар және олардың тиімді әдістері (СТО, Блум таксономиясы, т.б.)	Қараша
9.	Бағалау талаптарымен, критерийлерімен таныстыру	Қазан
10.	Журнал /күнделік талаптарымен таныстыру	Қараша
11.	Әдістемелік жинақтармен жұмыс жасауға бағыт беру	Үнемі
12.	Портфолио жинақтауға бағыт беру	Желтоқсан
13.	Өз білімін жетілдіру жоспарын құруға көмек беру	қаңтар
14.	Педагогикалық технологиялардың негізін зерттеу жолдарын үрету	Үнемі
15.	Жас маман есебі	мамыр

Тәлімгер

А. Айкимбаева

«Бекітемін»

Мектеп директоры:

Г.З.Кембебаева

**«Бірлік орта мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі бойынша
2022-2023 оқу жылындағы жас маман тәлімгерінің жылдық жоспары**

№	Қызмет мазмұны	Жұмыс нысаны	Мерзімі
1	Енбек ережесі тәртібімен танысу және функционалдық міндеттерді білу, білім үйімінің уставын, білім кодексін, оқу жоспарын, инструктивті әдістемелік хаттармен танысу, үйрену	Инструкция	Қыркүйек
2	Құжаттарды жүргізу мен дайындауға қойылатын талаптарды үйрену	Түсіндірме жұмыстар	Қыркүйек
	Оқу жоспарымен таныстыру	Оқу жоспары	Қыркүйек
3	Информациялық материалдарды дайындау (аты-жөні, телефон, кабинеттің № және т.б.)	Информациялық материал	Қыркүйек
4	Жас маманның педагогикалық мамандыққа үйрену жоспарын құру	Оқу жоспары	Қыркүйек
5	Жас маманның пән бойынша түсінбеушілігін және қажеттілігін сұрақ – жауап арқылы анықтау	Сұрақ-жауап	Қыркүйек Қазан
6	Диалогтік оқытуды үйімдастыру	Коучинг	Қазан
7	Дарынды, талантты білім алушымен жұмыс жасау жоспарын құру	Тренинг	Желтоқсан

Тәлімгердің жұмыс жоспары

Тәлімгер: Омарова Г.Д
Жас маман: Мұхашқызы М
2022-2023 оку жылы

<i>№ к/с</i>	<i>Жоспарланған іс-шара</i>	<i>Мерзімі</i>	<i>Дайындалатын қүжат түрі</i>	<i>Тәлімгердің орындау барысына қойған белгісі</i>
1.	-Жас маманга бекітіліп берілген сыныптарының ұзак мерзімді жоспарын құруға көмек беру; - Күнделік.кz толтырылуын түсіндіру, қосымша және үйірме сабактарының жүргізуімен таныстыру	қыркүйек	Ұзак мерзімді жоспар Журнал толтыру ережесімен таныстыру	
2.	- Өзін-өзі дамыту тақырыбын анықтау; - Оқу- әдістемелік,дидактикалық тапсырмалар дайындау; - Пән кабинетін жабдықтауга көмектесу; - Оқушының күнделігімен және дәптерімен қалай жұмыс істеу керектігін.Дәптермен күнделікке қойылатын жалпы талаппен таныстыру	Қазан	Оқу-әдістемелік,дидактикалық тапсырмалар тізімі Кабинет паспорты Күнделік және дәптер еүргізу ережесі	
3.	- Әдістемелік бірлестік отырысына катысу; - Оқушыларды пән олимпиадасына және конкурстарға дайындау әдістемесімен талқылау - Интернет ресурстарынан өзіндік дамуга әдебиеттер колдану - Біліктілік санатын көтеретін аттестация ережелерімен таныстыру	караша	ӘБ хаттамасы Әдебиеттер тізімі Аттестация ережесі	
4.	-Сабактан тыс оқушылармен өткізілетін іс шаралар мәселелерін талқылау - Пән бойыншағылыми зерттеу жұмыстарына оқушылардың катысуын зерделеу - І жарты жылдық жұмысын қорытындылау	желтоқсан	Ұсыныстар дайындау Оқушылардыңғылыми зерттеу жұмысына катысуы	

			I жарты жылдық есебі	
5.	- ӘБ отырысына катысу - Оқу процесі барысында озық технологияларды колдану жолдары	қантар	ӘБ хаттамасы Озық технологияларды колдану видеосын көру	
6.	-Педагогтың портфолио жүргізу ережесі - Портфолио жүргізу кұрылышымен таныстыру -Портфолио материалдарын бағалау шкаласы	ақпан	Портфолио	
7.	- ӘБ жиналысына катысу(өзін-өзін дамыту жайлы есеп беру) - Оқушылармен пән бойынша сыныптан тыс іс-шаралардың өткізуі	наурыз	ӘБ хаттамасы Презентация Іс-шара жоспары	
8.	- «Сабакты зерделеу.Сабакты зерделеу түрлері» ережелері - Педагогикалық қарым-қатынас түрлері(авторитарлық,демократилық.б) Таныстыру	Сәуір	Ереже Педагогикалық қарым-қатынастарға мысалдар келтіру	
9.	- Аткарылған жұмыстарға жас маман есебі - Келесі оқу жылында жас маманның өзін –өзі дамытуына көмек түрін анықтау ,бағыт –бағдар беру	мамыр	Тәлімгердің аткарылған жұмыстарға жазған есебі және корытындысы	
10.	Мектептің тәжірибелі мандарының сабактарына катысу,методикалық әдебиеттермен танысу,шығармашылық топ жұмысына катысу,сабак жоспарын бірлесіп жоспарлау,өзін толғандыратын сұраптар бойынша психологтан,тәлімгерден,мектеп экімшілігінен көмек алу	Жыл бойы	II жарты жылдық есебі	

«Бірлік орта мектебі» мкм бойынша
2022-2023 оқу жылындағы
«Жас ұстаз» жас мамандар мектебінде өткізілген
«Біздің өміріміздегі парасаттылық пен әдеп» тақырыбында
әдістемелік коучингтің
ХАБАРЛАМАСЫ

«Еліміздің ертеңі бүгінгі жас үрпақтың қолында, ал жас үрпақтың тағдыры мұғалімдердің қолында» демекші мектебімізде жас мамандарға көмек көрсету мақсатында «Жас ұстаз» жас мамандар мектебі үйымдастырылған. Жетекшісі Қайрғали Дағыя Қайрғалиқызы. 2022-2023 оқу жылында 4 жас маман жұмыс жасайды. Оқу жылының басында мектеп директорының 2022 жылғы 1 қыркүйегіндегі № 72 бұйрығымен әр жас маманға мектеп психологы Қыдырбай Біржан – Садирова Б.Р, Алмат Роллан-Толжарасова А.К, Иманбек Арайлым- Айкимбаева А.И, Мұхашқызы Мөлдір – Омарова Г.Д тәлімгерлер бекітілген. Тәлімгерлердің жас маманмен жүргізетін жұмыстарының жоспары бекітіліп, жоспарға сәйкес тәлімгерлер әдістемелік көмек көрсетіп отырады.

Мектебіміздің жас маманы М.Мұхашқызы мен тәлімгері Г.Омарова аудандық «Мен таңдаған мамандық» семинарына қатысып, «Волейбол ойыны техникасын үйрету» тақырыбында ашық сабак көсетіп, Білім бөлімінің басшысының «Алғыс хатымен» марапатталды.

23 желтоқсан күні «Жас ұстаз» жас мамандар мектебінің жетекшісі Қайрғали Дағыяның үйымдастыруымен «Біздің өміріміздегі парасаттылық пен әдеп» тақырыбында әдістемелік коучинг өткізілді. Коучингтің мақсаты: Адамгершіліктің жалпы адамзаттық нормалары туралы білімді жетілдіру, этикалық тәрбие әдістері мен оларды практикалық қызметте қолдану бойынша білім мен дағдыларды дамыту. Жас мамандарды педагогикалық жаңашылдыққа үйрету. Оларға әдістемелік көмек көрсету арқылы педагогтардің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту. Коучинг бастамас бұрын әр жас маманның алдына «Дейін», «Кейін» сыйылған кесте таратылды. Бұл жас мамандардың осы уақытқа дейінгі аралықта білгендерін «Дейін» кестесін толтырып қойды. Коучинг сегіз тақырыптан тұрды. Әр тақырыптың аялдамасына тоқталып, түсіндіріліп таныстырылды. Жас мамандар мен олардың тәлімгерлері 8 әдістемелік аялдамадан тұратын презентациядан өтті. 1-аялдама: «Өзінді тереңірек тани біл!» 2-аялдама: «Өзінді бағала!» 3-аялдама: «Нағыз ұстаз моделі» тақырыбын қорғау. 4-аялдама: «Менің сабабым» ҚМЖ жоспар құру. 5-аялдама: «Дискриптор құрайық» 6-аялдама: «Менің үйім» болашақ үйдің келбеті салу. 7-аялдама: «Бірлескен жұмыс нәтижелі болмақ!» 8-аялдама: «Белсенді микрофон!» Коучинг аялдамасынан барлық жас мамандар сүрінбей өтіп, бүгінгі билетіндерін парап бетіне түсірсе, басталmas бұрынғы таратылған «Кейін» сөзіне жас мамандар, келешекте не билетіндерін тізіп шықты.

Қазіргі таңда мектепке келген жас мамандар жаңа технологияны жақсы менгергенімен, теориялық білімі жақсы болғанымен әдістемелік және

психологиялық жағынан қолдауды қажет етеді. Осы орайда жоғары, зерттеуші, сарапшы санатындағы, деңгейлік курстан өткен білікті мамандардың ұлгілі сабактарына жас мамандарымыз көбірек қатысып тәжірибе жинақтаса деген ұсынысым бар.

Болашақта осы жас мамандардың алдыңғы аға буын әріптестерінің жолын қуып, білікті де білімді маман болатындарына сенемін.

Хабарламашы

Ж.Кузенбаева

«Бірлік орта мектебі» мкм бойынша

2022-2023 оку жылындағы

«Жас маман» мектебінің

ХАБАРЛАМАСЫ

«Жас маман» жетекшісі: Д.Қ.Қаиргали

2022-2023 оку жылында «Жас маман» мектебі 1 жас маманмен толықтырылды, білімі жогары. Бұл жас маман 3 жыл тәжірбиеден өтеді.

№	Жас маманиның аты жөні	Тұған жылы айы, күні	Білімі, нені қашан бітірді	Диплом бойынша мамандығы	Еңбек өтіні	Тәлімгердің аты- жөні
Жаңадан келген жас мамандар						
1	Мұхашқызы Мәлдір	30.01.2000	Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2022ж, Дене шынықтыру және спорт	дene шынықтыру	-	Омарова Гульнара
Жас мамандар 2-жыл						
1	Иманбек Арайлым Фаламбекқызы	25.06.1995	Казак мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті 2018ж.тарих пәннің мұғалімі, ЖБ-Б №1158644	Тарих	2жыл	Жайлауов Нұрболат
2	Алмат Ролан Алматұлы	09.10.1997	«Алматы»университеті 2020ж.шет тілі	Шет тілі	2жыл	Шынасылова Клара
3	Қыдырбай Біржан Маралұлы	08.10.1996	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті 2018	Психолог	2жыл	Садирова Батиха Раушановна

«Жас маман» мектебінің мақсаты:

- 1.Кәсіби бейімделуде жаңадан жұмысын бастаған мұғалімге көмек көрсету
- 2.Үздіксіз өз білімін көтеруде жас мұғалімдердің қажеттіліктерін қанағаттандыру, типтік қателіктердің алдын алу, ескерту, мүмкін болатын жолдарды іздестіру
- 3.Алдыңғы қатарлы іс-тәжірибелі оку-тәрбие үрдісіне шығармашылықпен енгізуде нақты көмек көрсету

«Жас маман» мектебінің міндеттері:

- 1.Жас мұғалімдер үшін жеке және топтық көмектер көрсету, семинар-практикумдар ұйымдастыру

2. Жас педагогтардың кәсіби қажеттіліктерін оқып-үйренуді үйымдастыру, өз білімін жетілдіруде көмектесу
Оқу жылының басында «Жас маман» мектебінің жылдық жоспары жасалып, мектеп директоры бекітілді.

Оқытудың I-ші отрысында мұғалімдермен сабактарды және сыныптан тыс шараларды үйымдастыру әдістемесі бойынша сұрақтар талданды. Kyndelik.kz журналын жүргізудін, окушылардың дәптерлерін, күнделіктерін, жеке іс-журналын жүргізудін және тексерудің талаптарымен таныстыру мақсатында көмектер үйымдастырылды. Тәрбие жұмысын жоспарлау, күнделікті сабакты жоспарлау ҚМЖ, ҰМЖ, БЖБ, ТЖБ, сабак типі мен түріне сәйкес оның әдістемелік жоспарлау жобалуа, сабак түріне сәйкес оқытудың тиімді құралдары мен құрылымын жобалау, сабак түріне сәйкес оқытудың тиімді құралдары мен әдістерін тандау т.б. сұрақтар бойынша, яғни «Қазіргі сабактарға қойылатын негізі әдістер», «Сабакқа өзіндік талдау», «Қазіргі сабак. Ол қандай болуы талаптар», «Сабакқа өзіндік талдау», «Қазіргі сабак. Ол қандай болуы талаптар», «Мұғалім қызметінің міндеттері» атты тақырыптарда практикумдар өткізілді.

Оқытудың II –III-ші отрысында жұмыстар мұғалімнің кәсіби шеберлігін дамытудың өзекті сұрақтары қарастырылды. Онда «Дарындылықтың тұжырымдамасы», «Дамыта оқыту» т.б. технологияларды сабактарға қолдану әдістерінен семинарлар өткізілді. Нәтижелі сабак көрсете білді,

Директордың оку ісі жөніндегі орынбасары Б.Ибрагимова «Мектеп, жанұя және қоғамдық ортаның тәрбие ықпалын үйлестірудегі сынып жетекшінің ролі» атты семинар-практикум өткізіп, онда ата-аналармен жұмыстың ең тиімді формалары мен әдістері және сыныптың ата-аналар жиналышының тақырыбын жоспарлау, оны өткізу жөнінде хабарлама жасады.

Әрбір жас маман «Сыныптың ата-аналар жиналышын дайындау және өткізу» атты жобаларымен тәжірибе алмасты.

Мектеп психологи Жолдыбай А. «Мұғалімнің педагогикалық іскерлігі және оны дамытудың жолдары» атты қашықтықтан практикум өткізіп, онда «Сабакты бастаудың оригиналды нұсқасы» атты вебинар, сонынан жас ұстаздармен анкеталық сауалнамалар жүргізді. Жас маманның шығармашылық портфолиосы мен окушылардың портфолиосын жинақтауға бағыт берілді.

Жас мамандар мектепішілік апталықтарғада белсене қатысады. Жас ұстаздардың кәсіби шеберлігінің қалыптасуына әртүрлі бақылаулар өткізілді. Оқыту мен тәрбиелеудегі озат технологияларын үйрену үшін тәжірибелі ұстаздардың сабактарына қатыстырып, «Жаңашыл мұғалім даярлау-уақыт талабы» атты және «Портфолио – окушының жеке жетістіктері нәтижесін бағалаудың жаңа нормасы» атты вебинар мектептің бастауыш сынып бойынша оку ісінің менгерушісі К.Мамырованың басшылығымен өткізілді. Жас мамандар өз портфолиоларын жинақтады. Алдағы уақытта жас маманмен жоспарланған жылдық жұмыс жоспары әрі қарай іске асуда.

Жалпы корыта келгенде, жас мамандардың педагогикалық жұмысқа бейімдері бар, сыннып пен жұмыс істей алады, әр іске жауапкершілікпен қарайды. Келешекте жас мамандар жақсы ұстаз болатынына сенімдімін.

Таныстырган: Жас маман жетекшісі: Д.Қаиргали

«Бірлік орта мектебі» МКМ

Тәлімгер мен жас маманың жұмыстары жайлы мәлімет

Тәлімгерлік - ұзақ уақытқа созылатын, тәлімгер мен тәлім алушының арасында, сенімді, жеке тұлғаға бағытталған қарым – қатынас құру үдерісі. Ол тәлім алушының педагог ретінде қалыптасуы мақсатында өзінің білімін, ойлауын тәжірибелі іс амалдардың тиімділігін жеткізуде айтарлықтай қарқын алуына көмектеседі. Тәлімгерлік ету барысында тәлімгер өзінің білімімен, тәжірибесімен бөліседі, ал тәлім алушы еңбек жолында айтулы жетістіктерге жету мақсатында өзінің кәсіби дағыларын дамытып, проблемаларды шешу жолдарын іздейді. Тәлімгер -өте сенімді, тәжірибелі адам. Тәлімгерлік тәлім алушыға білімін, тәжірибесін беріп, жоғары мүмкіндіктерінің ашылуына көмектеседі. Тәлімгерліктегі басты ұстаным қызмет емес, қарым-қатынас болып табылады, тәлімгер объективті тындаушы және бағыттаушы болады. Тәлімгер өзінің тәжірибесін қоса отырып, бірқатар міндеттерді орындаиды:

- Тәлім алушыға мүмкіндіктер мен проблемаларды қарауға мүмкіндік береді.
- Оған шынайы мақсат қоюға және оған жету жолдарын жоспарлауға көмектеседі.

Тәлімгерліктің өзіне тән негізгі сипаттамасы қарым-қатынас құруға және түйінді дағыларды белсенді тындаі білу, тәжірибені дамыту үшін күрделі сұрақтар қою дағыларын дамытуға бағытталған. Тәлімгер тәлім алушыға күрделі тапсырмалар беріп, қолдау көрсетуге, сенімділік, жанашырлық, шынайылық, адалдық қасиеттерін танытуға дайын болады.(МАН,38-бет) Тәлімгер мен тәлім алушының арасында қарым қатынас мұғалімнің өзіне-өзі көмектесуіне мүмкіндік алып, проблемалардың шешуін өзінше табуға көмектеседі.

Тәлімгер: Айкимбаева Айсулу Имангалиевна - жоғары санатты, зерттеуші мұғалім

Тәлім алушы: Иманбек Арайлым

Мақсаты: Тәлім алушының кәсіби қалыптасуына көмек көрсету.

Міндеттері:

- тәлім алушының кәсіби дамуын ұйымдастыру, өзінің іс-тәжірибесіне өзгеріс енгізуіне ынталандыру;